



Автор: САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Толғауы тоқсан қызыл тіл
Тақырып: Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Әдеби шығарманың тұжырымдамасы (Т/Ж2); шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау (7.Т/Ж2).	Әдеби
Сабақтың мақсаты:	Мәтін бойынша әңгіме құрастырып жазады	
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын, болжамдарын тыңдалым/айтылым материалдарына сүйене отырып, сын тұрғысынан ойлау арқылы, креативті шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, еркін жеткізе алады.	
Күтілетін нәтиже:	Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.	
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады	
Құндылықтарды дарыту:	Жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет; Топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық .	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)	
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі	
Бастапқы білім:	Шортанбай мен Мұрат жырларының үндестігі	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Бірнеше құттықтау қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Өзі туралы кластер» тренинг. Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б	http://bilimland.kz/kk

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	Білу және түсіну. Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Жариялау» әдісі (Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.) Қолдану Оқулықтағы тапсырмаларды орындау Сүйінбайдың қырғыздың арқалы ақыны Қатағанмен айтысы – ісі қазақтың мәртебесін көтерген шын мәніндегі патриоттық сезімінен туған шығарма. Бұл айтыс 1852 жылы қырғыздың Алыбай деген манабына берілген аста өтеді. Айтысар алдында Сүйібай «Екі елдің әруағын жарысқа сап, түспесін ортасына шңырақтары» деп ескерту жасайды. Себебі Кенесарыға байланысты оқиғаның болып өткеніне небары төрт – бес жыл өткен еді. Қатаған қырғыз елін көп деп мақтағанынан ұсталады. Есесіне Сүйінбай қазақтың үш жүзге бөлінетін бүкіл елін, оның ерлігін, байлығын мадақтап мақтан етеді. Ал қатаған мақтаған қара Бәйетіктің патшадан алған медалін Сүйінбай түкке тұрғысыз етеді. Бәйтіктің шенін қоймады, Несін мақтан етесің. Аңға шыққан тазыға Оған да қарғы байлайды — дейді. Сүйінбай тоқтағанда батыр Жантай: «Сүйінбай, ботам, сен жеңдің. Қатаған көппін деп мақтанды. Аттың жүгіндей қазақтан қырғыз қашан көп болып еді. Бірақ қазақ – алауыз ел, күншіл халық. Әттең, сен соны айтпадың, Қатаған» — деп ашуланады. Елдің айтысын басқарып отырған төрағасы Қара Бәйтік «Қандай жұлде таңдайсың» дейді. Көп сый тартады. Оның ең бастысы – «Ыстықкөлдің ақ көбігінен жаратылған асқан сұлу Мейіз атты қыз» екен. Сол шоң манат Бәйтік алғаш көргенде «Мына бадана көз сұлу жігіт Сүйінбай ақын» емес пе деп сұраған екен. Сонысына қарай оған сыйлаған Мейіз қыз да сұлу болуға тиіс қой. Кейбір материалда Сүйінбай елге қайтып біраз жүрген соң Мейізге рұқсат беріп, қырғыз елінде туған қарындасымдай бол деп, маңдайынан бір сүйіп, қызды ауылына қарай шығарып салған делінеді. Айтыс саласында Сүйінбай халық атынан сөйлеген, ел-жұрттың қамын жеп, оның бірлігін, елдігін, ел қорғаған ерлерін елжірей толғаған ақын, сондықтан да ол көбіне жеңіске жетіп отырады. Сүйінбай ел ішіндегі кедлеңсіз жайларды сынап, сықақ етеді. Әсіресе төре, сұлтан, би-болыстарды аяусыз мінеп, олардың мінез-құлқын, жағымсыз қылықтарын әшкерелейді. Сондай ретте арнау өлеңдер тудырады. Мысалы, «Тезекке тепсіну», «Төрелерге», «Болыстарға баға», «Батырбек датқа айтқаны», «Үмбетәліге» деген арнауларында аталған дәрежелі адамдардың адамгершілік сипаты кеміс екенін батыл да батыр сүреттейді. Ал, «Сұраншыға» деген өлеңінде үш жүз жылқысы бар Итен байдың аяқ – лау етуге бір тайдың майын бермеген сараңдығын айтып шағынады. Түспей не қып тұр екен жер мен аспан, Бос отырып кедейлер өле ме аштан? Жылап жүрген нашарға көз салмайды, Байдан бейіл, батырдан рахым қашқан – дегеніне қарағанда, жалпы ел ішінде қайырымсыздық сияқты қолайсыз әдеттің орын алғанын сынайды. Сүйінбай өмірі туралы, жақсы мен жаман адамның қасиеттерін салыстырып, шебер, ұлағатты пікір толғайды. Ақын ұзақ жасап, құзырға шалдыққан кезінде туысы Жұмық дегенге хат білетін төрт кісі әкеліп, менің өлеңдерімді жаздырып ал, сөзім қалсын депті. Ал Жұмық ақылсыздық жасап, Сүйінбайдың тілегін орындамайды. Сонда ақын «Жұмыққа» деген арнауын толғайды. үйінбай – сыншыл, мін таққыш өткір тілді өжет ақын. Оның шығармалары сатираның тамаша үлгісін таныта алады. Ащы мысқылы салмақты сарказммен ұласады. Сүйінбайдың поэтикалық тілге, шешендік өнерге жетіктігі, өткір кекесін сынға да лайық тіл тапқырлығы тамаша. Ол осылайша, халқына адал қызмет етіп өткен азамат ақын болды. Ел – жұрты үшін бар күш – қуатын жұмсады. Өзі сүйген халқымен оның пікірлері әр тұста да үндесіп, табысып жатты.	http://bilimland.kz/kk
Сабақтың соңы (12 минут)	«Ыстық орындық» орындық әдісі. (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.	http://bilimland.kz/kk

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	«Рефлексиялық шеңбер». Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?	http://bilimland.kz/kk